

ТРУДОВОЕ ПРАВО

Д.У. Рыскалиев

ӘРКІМНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК, ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ МЕН БОСТАНДЫҒЫН ҚОРҒАУ САЛАСЫНА ҚАТЫСТЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКА ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖҮЙЕСІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Адам құқықтары мен мүдделерінің қамтамасыз етілу жағдайлары құқық қолдану практикасы негізінде және өтініштерді тіркеу, қарау, сәйкесінше, өтініштер жайлы жүргізілетін ведомствалық, республикалық ақпараттық жүйенің көрсеткіштері негізінде айқындалады. Ведомствалық және республикалық ақпараттық жүйенің қалыптасуы заңнамаға негізделеді. Жалпы, мемлекеттік деңгейде, сол өтініштер негізінде жинақталған мәліметтер саяси шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта, әркімнің өтініштерін қарауды реттейтін нормативтік құқықтық актілердің жеткілікті екендігіне қарамастан, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың басшыларымен және басқа да лауазымды тұлғалармен өтініштерге байланысты дәйекті, дәлелді шешім қабылдау, оларды тіркеу туралы іс-қағаздар өндірісін сол ұйымдарда ұйымдастыру мәселелеріне байланысты құқық бұзушылықтардың жиі орын беретіндігі мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарымен айқындалуда. Басым көпшілік заң бұзушылық әрекеттердің (әрекетсіздіктің) өтініштерге байланысты қабылданатын ұйым басшылары актілерінің қабылдану нысаны мен тәртібіне қатысты жиі орын беретіндігі еңбек дауларын сот өндірісі тәртібінде қарау, прокуратура және жергілікті еңбек инспекцияларымен тексерулер жүргізу барысында белгілі болып жатады. Осы мәселелер төңірегінде нақты құқықтық механизмдер мен тәсілдердің айқындалу қажеттілігі дәлелдеуді қажет етпейді және осы бағыттағы мемлекеттік органдардың, лауазымды тұлғалардың міндеттері Елбасымен қабылданған бағдарламалық актілерге негізделеді. Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы «Қазақстан – 2030» Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты әр жылғы Жолдауына [1] сәйкес Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясы қабылданды [2]. Осы Стратегияда азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мәселесіне қатысты мемлекеттік басқару саласын жетілдіруге бағытталған міндеттер айқындалып белгіленді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы «Қазақстан өз дамуында жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру Стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес Қазақстанда жоғарғы стандартты адамның өмір сүру сапасын қалыптастыру мақсаты айқындалып жүзеге асырылатын іс-шаралардың көлемі белгіленді [3]. Осы бағдарламалық құжаттар негізінде, еңбек қатынастары саласына қатысты, азаматтық бастамашылдықты іске асыру мүмкіндіктері және осы бағыттағы құқықтық актілердің әзірлену міндеттері қойылды. 2010 жылғы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында экономика және әлеуметтік салаға қатысты, еңбек өнімділігінің кешенді артуын аса маңызды міндет деп танып, өнімділіктің арттырылуы, сәйкесінше, инновациялардың ендірілуі кезек күттірмейтін іс-шара екендігін атап көрсетті [4]. 2011 жылға арналған «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауында халықты әлеуметтік қорғау, халықты жұмыспен қамтудың жаңа нысандарының енгізілуі, сәйкесінше, барлық деңгейде (республикалық және өңірлік) инновациялық бағдарламаларды іске асыру жолындағы міндеттер Елбасымен айқындалып мемлекеттік уәкілетті органдарға қажетті нормативтік құқықтық актілердің қабылдануын тапсырды [5].

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221-III “Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы” Заңына [6] және Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы №107-II “Әкімшілік рәсімдері туралы” Заңына [7] сәйкес өтініштерді тіркеу және қарау, сәйкесінше, қаралған өтініштерге қатысты арнайы есеп жүргізу міндеті барлық орталық және салалық мемлекеттік органдарға, мемлекеттік кәсіпорындарға жүктелген. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі № 267-I «Сыбайлас жемқорлықпен күресу туралы» Заңының 12-бабына сәйкес лауазымды тұлғалармен өтініштерді тіркемеу, қарамау жемқорлық пен байланысты құқық бұзушылық әрекет (әрекетсіздік) болып танылады [8]. 2009 жылғы 25 қыркүйектегі № 128 Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат Министрінің Бұйрығымен

бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың Үлгілік Ережелеріне сәйкес ұйымдарда іс жүргізу мен мұрағаттық құжаттардың сақталуының жай-күйі, өтініштерді қабылдау, тіркеу және қарау нысаны мен тәртібі айқындалады [9]. Осы тақырыптағы мәселеге қатысты ең соңғы бес жылдық (2011 жылдық статистикалық көрсеткішті қоспағанда) статистикалық көрсеткіштерді айқындай отырып, адам құқығының қамтамасыз етілуіне бағытталған іс-шаралардың нәтижесін зерттеуге аламыз. Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы құрамындағы құқықтық статистика және арнайы есеп жүргізу жөніндегі Комитеттің (бұдан әрі – Комитет) мәліметі бойынша 2006 жылдың бірінші жартысында республикалық деңгейдегі мемлекеттік органдарға, олардың аумақтық органдарына және жергілікті атқару органдарына 4153002 өтініштер түскен. Бұл өтініштер жеке және заңды тұлғалар тарапынан еңбек, әлеуметтік қамсыздандыру, азаматтық-құқық мәселелер жөнінде берілген. Салыстырмалы есеп жүргізудің нәтижесінде бұл көрсеткіштің 2005 жылдың екінші жартысындағы көрсеткіштен 40 %-ға артық екендігі анықталды. Жолданған өтініштердің 76 %-ы (3214813) арыз түрінде түскен, бұл көрсеткіш 2005 жылдың екінші жартысындағы көрсеткіштен 57%-ға артық болған. Барлық өтініштердің 1,8%-ы шағым түрінде түскен. 2005 жылдың екінші жартысының көрсеткішімен салыстырғанда 2006 жылдың бірінші жартысында жолданған шағымдар саны 10%-ға төмендеген (83332-ден 75087-ге дейін). Барлық өтініштердің 20%-ы сауал ретінде жолданған [10].

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2007 жылғы 30 мамырдағы № 20 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы» Бұйрығымен [11] бекітілген 2008 жылғы статистикалық есеп берудің №1-ТӨ нысанындағы үлгіні қалыптастыру қорытындысы бойынша барлық мемлекеттік органдарға қатысты 16,5 миллион өтініштер тіркелген. 2008 жылғы статистикалық есеп беру субъектілерінің, мемлекеттік органдардың саны 6 мыңды құраған, олардың қатарында: 86 – республикалық деңгейлік; 900 – аумақтық және жергілікті атқару органдары; 5 мың – республикалық мемлекеттік органдардың қалалық, аудандық құрылымдары және 100% мемлекеттің қатысуымен құрылған заңды тұлғалар, сонымен қатар, ұлттық компаниялар құрады. 2009 жылы мемлекеттік органдарға жеке тұлғалармен берілген өтініштер саны 13,5 миллионды құраған. Салыстырмалы тұрғыда 2007 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда (18,9 миллион) 28 %-ға кем. Құқықтық статистика және арнайы есеп жүргізу Комитетінің бақылау және қадағалау қызметі шеңберінде, 2010 жылдың 11 айлық есебі бойынша, құқықтық статистика субъектілеріне қатысты 4300 тексеру жұмысы жүргізілген. Осы кезеңде 42000 заң бұзушылық айқындалып, 2300 заң бұзушылықты жою туралы ұсыныс енгізілген. Өртүрлі жауапкершілікке 4000 лауазымды тұлға тартылған. Өтініштерді тіркеуді, талдауды және орталықтандырылған ақпарат банкі құруды осы Комитеттің 3-ші басқармасы жүзеге асырады. Орталықтандырылған ақпарат банкі осы Комитеттің аумақтық басқармаларымен автоматтандырылған ақпараттар жинағы (ААЖ) нысанында жүргізілетін мониторингі қорытындысының негізінде қалыптастырылады. Сонымен қатар, аталмыш мәселелер жөніндегі өтініштерді қабылдауды және қарауды Қазақстан Республикасы Президенті жанында құрылған Адам құқықтары жөніндегі Комиссия уәкілеттілігіне байланысты жүзеге асырады. Аталмыш Комиссияны құру туралы алғашқы шешім Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 3 маусымдағы № 3009 Жарлығымен бекітілді [12]. Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 қыркүйектегі № 947 Жарлығымен бекітілген Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл қызметін белгілеу туралы Ереженің 21-тармағына сәйкес [13] Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл, өзінің әр жылғы баяндамасында, елде адам құқықтары мен бостандықтарының сақталу жағдайы жөнінде ақпарат беріп, сол ақпараттарды талдау, сараптау жұмыстарын атқарады. Қазақстанда адам құқықтарына байланысты жағдайды бағалау үшін дайындалатын баяндаманың негізін барлық мемлекеттік органдармен, мекемелермен, үкіметтік емес ұйымдармен (бұдан әрі – ҰЕҰ), Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл жанындағы Сарапшылық кеңес мүшелерімен (консультативтік көмек ретінде) берілген ақпараттар құрайды. Әр жылғы баяндамалармен айқындалатын дәлелдер, жасалатын бағалаулар мен ұсыныстар Адам құқықтары жөніндегі Уәкілге келіп түскен ҰЕҰ-ның, азаматтардың жекелеген не ұжымдық шағымдарын тексеру барысында жинақталған материалдар, интернеттік ақпарат материалдары және сонымен қатар, республика өңірлеріндегі мемлекеттік, медициналық, пенитенциарлық мекемелердің адам құқықтары жөніндегі мониторингіне, бұқаралық ақпарат құралдарында адам құқықтарының проблемалары туралы жарияланымдарға негізделеді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 29 қарашадағы № 1474 «Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Жарлығымен [14] жоғарыда көрсетілген Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп Адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің өкілеттілігі күшейтіліп, келесі мәтіндегі ережелермен, толықтырылды: 15-тармағында: "2-1) адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен істі сотта қарауда

қатысуға; 2-2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа немесе прокуратураға заңды күшіне енген сот шешімін, үкімін, соттың ұйғарымын немесе қаулысын тексеру туралы қолдау хатпен жүгінуге; 2-3) Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың шағымдарын қарау нәтижелері бойынша, сондай-ақ, олардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы туралы ақпаратты өзге жолмен алған кезде осы мәселелер бойынша парламенттік тыңдаулар өткізу ұсынысымен Парламент палаталарына жүгінуге; 2-4) адам құқықтары жөніндегі халықаралық ұйымдардың, басқа да үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының жұмысына қатысуға; "б) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзған лауазымды тұлғаға қатысты тәртіптік немесе әкімшілік іс жүргізуді не қылмыстық іс қозғау туралы, сондай-ақ материалдық немесе моральдық залалды өтеу шараларын қолдану туралы қолдау хатпен уәкілетті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға жүгінуге" деген құқықтары айқындалды.

Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл (бұдан әрі – Уәкіл) азаматтар тарапынан берілген шығарымдарды қарау нәтижесіне байланысты мемлекеттік органдарға, лауазымды тұлғаларға өзінің ұсынымдарын, ескертпелерін және ұсыныстарын жолдайды. Осы Ережеге сәйкес Уәкілдің ұсынымын алған лауазымды тұлға, бір ай уақыт ішінде, сол ұсынымда айқындалған мәселелер жөнінде қабылдаған шешімін белгіленген тәртіпте беруге міндетті. Уәкілге берілген өтініштерді талдауға алуда, әр кезеңгі (2005, 2006, 2008, 2009 жылдарғы) статистикалық көрсеткіштер төмендегіше практикалық маңызы бар мәліметтерді айқындауға мүмкіндік береді. Уәкілмен 2005 жылы 9406, 2006 жылы 30 323 өтініш қабылданған. Олардың құрамында, 2006 жылғы мәлімет бойынша, 482-сі ауызша түрде берілген. Осылай салыстырмалы түрде 2006 жылғы кезеңде қабылданған өтініштер санының бірнеше рет өскенін байқаймыз. 2006 жылы Уәкілдің атына РФ азаматының мүддесін көздеп, сол азаматтың өндірісте алған жарақаты салдарынан денсаулығына келтірілген зиянды өндіру мәселесі бойынша РФ Мемлекеттік Думасының депутаты И.В. Бариновтен (Тіркеу № 709/03 2006 ж. 7.07.) өтініш түскен [15]. 2008 жылғы статистикалық бақылау бойынша Уәкілге берілген өтініштер санының күрт төмендегенін байқаймыз. Осы жылы 1800 өтініш тіркелген, олардың құрамында шетелдік мемлекеттік органдардан, адвокатура кеңселерінен және шетел азаматтарынан 40 сұрау түріндегі өтініш тіркелген. Жекелік өтініштерді талдауда, 2008 жылғы өтініштердің 58-і сұрау, 40-ы арыз, 9-ы пікір, 4-і ұсыныс ретінде тіркелген, қалған өтініштер шағымдар түрінде берілген [16]. 2008, 2009 жылдарғы өтініштер санының күрт төмендеуі келесі себептерге байланысты орын бергенін атап өтуіміз қажет: «Нұр Отан» Халықтық демократиялық партияның жергілікті қоғамдық қабылдау бөлімшелерінің көптеп ашылуы; халықтың құқықтық сана-сезімінің өсуі және соған байланысты өз құқықтарын соттарда және басқа да мемлекеттік органдарда өздігінше қорғау жағдаяттарының өсуі; ҮЕҰ-ның құқық қорғау бағытындағы қызметтерінің күшеюі негіз болды. Осы мәселеде, өтініштерді қарауды, Уәкілмен қатар, келесі ұлттық құқық қорғау институттарының жүзеге асыратындығын ескеруіміз қажет, олар: Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі Комиссия; Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясаты жөніндегі Комиссия; Білім және ғылым министрлігіне қарасты Бала құқықтары жөніндегі Комитет. 2009 жылы 2294 өтініш тіркелген, олардың 961 жеке тұлғалармен беріліп, 173 ауызша нысанда тіркелген [17]. 2005 жылдың 30 тамызында Конституцияның 10 жылдығына арналған Қазақстан Республикасы Парламентінің мәжіліс залында өткен «Конституция: тұлға, қоғам және мемлекет» тақырыбында өткен халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияда жасалған Қазақстан Республикасы Президентінің баяндамасында «Қазақстан Республикасында омбудсмен институтын құрып және оның өкілеттіктерін кеңейтіп, біз адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің құқықтық кепілдігін нығайттық» – деп тұжырым жасады [18]. Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 22 сәуірдегі № 3470 «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Адам құқығы жөніндегі комиссия туралы» Жарлығымен [19] осы Комиссияның уәкілеттігі жаңа бағытта белгіленіп азаматтардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды және қамтамасыз етуді сапалы жүзеге асыру мәселесі айқындалған болатын. Бүгінгі таңда осы Комиссияның өкілеттілігі Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 19 наурыздағы № 1042 «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия туралы» Жарлығына (2009 жылдың 22 мамырына дейінгі берілген өзгерістер және толықтыруларымен) сәйкес анықталады [20]. Жеке және заңды тұлғалармен берілетін өтініштер, ведомствалық қатыстылығына байланысты, заңнамаға сәйкес кәсіпорындарда, мекемелерде тіркеліп және қаралып құқықтық статистика және арнайы есеп жүргізу талаптарына сай, сол органдар деңгейінде талдауға алынып оларға мониторинг жүргізілуі тиіс. Яғни, аталған ұйымдардың рәсімдік, технологиялық ішкі ақпараттық жүйесінде тіркеліп талдаудан өткеннен кейін сол өтініштерге қатысты мәліметтер (сандық, мазмұндық және берілу нысандарына байланысты) біртұтас орталықты жүйеде жинақталады. Жинақталған мәліметтер, ведомствалық

қатыстылығына байланысты, Бас Прокуратураның құқықтық статистика және арнайы есеп жүргізу жөніндегі Комитетіне және осы Комитеттің аумақтық органдарына белгіленген мерзімде және тәртіпте берілуге тиіс. Осы мәселеге қатысты Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне 2009, 2010 жылдары берілген өтініштерді талдау барысында төменде көрсетілген ақпараттық деректер айқындалды. Соңғы есеп беру кезеңінде еңбекті, еңбек заңнамасын қолдану мәселелеріне қатысты, яғни 2010 жылдың бірінші жарты жылдығында, 5668 өтініш жеке тұлғалардан және 383 өтініш заңды тұлғалардан келіп түскен. 2009 жылдың екінші жарты жылдық есеп беру кезеңімен салыстырғанда 2010 жылдың бірінші жартысында берілген өтініштер саны 6,9%-ға кем болған. 2010 жылғы өтініштерге 6413 жазбаша жауап берілген, 3081 өтініштер бақылауға алынған, олардың қатарында: Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінен – 692, Премьер-Министр Кеңесінен – 183, Қазақстан Республикасы Парламентінен – 382. ТМД және алыс шетел ұйымдарынан, азаматтарынан келіп түскен сұрау нысанындағы өтініштер саны 1711 құраған. Берілген өтініштер санының басым көпшілігі еңбектік қызметін атқаруы барысында қызметкерлердің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды өндіру, мүгедектікті куәландыру, қайта куәландыру және протез салу мәселелері жөнінде берілген. Заңға қайшы еңбек шартын бұзу, халықты жұмыспен қамту, уақытылы төленбеген жалақы және өндірісте орын берген жазатайым жағдайларды тергеп-тексеру мәселелері жөнінде берілген өтініштер саны, пайыздық мөлшерде, барлық өтініштердің 4,7% құраған. Шетел ұйымдарынан, азаматтарынан келіп түскен өтініштер, көп жағдайда, жалақы мөлшерін, еңбек өтілін растайтын мұрағаттық жазуларды сұрау мәселелеріне қатысты берілген [21].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 1546 “Жергілікті атқарушы органдар басшыларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы” Жарлығына сәйкес [22] қоғамды одан әрі демократияландыру, елімізде жүргізіліп жатқан реформалар туралы халықты хабардар ету, атқарушы органдардың халық алдындағы жауапкершілігі мен есептілігін арттыру, халықты мемлекеттік басқару үдерісіне кеңінен тарту мақсаты көзделіп осы мақсатты іске асырудың механизмдері айқындалған. Осы Жарлыққа сәйкес барлық деңгейдегі әкімдер, жыл сайын, бірінші тоқсанның ішінде халыққа есеп беру жөніндегі кездесулерін өткізеді, соның негізінде, елімізде жүргізіліп жатқан реформалардың іске асырылуы, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің өткен жылда әлеуметтік-экономикалық дамуы және оны одан әрі дамытудың міндеттері мен негізгі бағыттары туралы халықты хабардар етуге міндетті. Облыс, республикалық маңызы бар қала әкімдері, есеп беру жөніндегі кездесулері өткен күннен бастап, бір айдан кешіктірмей оның нәтижелері туралы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігін және Үкіметін хабардар етуге міндетті. Осы Жарлыққа сәйкес айқындалған нәтижелер бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі тиісті іс-шараларды айқындайды. Еңбек қатынастарына қатысты ҚР ЕК-нің 306-бабының 14) бөлігіне сәйкес мемлекеттік саясаттың негізгі бағыты ретінде біртұтас ақпараттық жүйенің іске асырылуын қамтамасыз ету болып танылады. ХХІ ғасырға тән жаһандану үдерісін ескеріп, әркімнің ақпарат алуға деген құқығының заңнамалық тұрғыда қамтамасыз етілуінің, мемлекеттің демократиялық жолмен дамуы және Қазақстанда ашық қоғамның орнықтырылу талабына сәйкес осы институттың мазмұнын, қолданылу кеңістігін жаңа саяси әлеуметтік-экономикалық жағдайда айқындалған міндеттер бағытында кешенді түрде зерттеуге алып болмысын айқындауымыз қажет. Әркімнің құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мәселесі жөнінде конституциялық өтініш жолдау құқығы шектелінуге жатпайтын құқықтардың қатарына жатады. Конституцияның 13-бабының 1-тармағына сәйкес әркімнің құқық субъектісі болып танылуына деген құқығының бір бағыты ретінде осы негізгі заңмен айқындалған әркімнің құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мақсатында өтініштер жолдау құқығы танылады. Осы конституциялық норма еңбек заңнамасының негізін қалайтын ұстанымдардың, қағидаттардың бірі ретінде айқындалып қажетті құқықтық механизмдер мен тәсілдер айқындалуға тиіс. Еңбек заңнамасында осы мәселеге қатысты туындайтын қатынастар осы күнге дейін толық реттелмеген күйінде қалып отыр. ҚР ЕК-нің 146-бабына сәйкес халықты жұмыспен қамтудың нысандары айқындалған, олардың құрамында – жұмыс берушілерге тікелей өтініш беру негізінде әркімнің осы бағыттағы құқығын қамтамасыз ету болып табылады. Осы бап азаматтардың жұмысқа орналасу саласындағы құқықтары деп аталады, бірақ, аталмыш құқықтың жүзеге асырылу механизмдерінің айқындалмағанына байланысты белгіленген норма жәй декларация күйінде қалып отырғандығы баршаға мәлім, оған себеп, осы бап көлемінде өтінішті қарау рәсімінің ЕК-де айқындалмағандығында.

Әркімнің жұмыспен қамтылуын, әлеуметтік, экономикалық бағыттағы құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету қажеттілігін барынша жан-жақты ескеретін қоғам құру міндеті азаматтық қоғамның барлық институттарына және мемлекеттік органдарға жүктеледі. Аталмыш

міндеттің жүзеге асырылуы елімізде қолайлы экономикалық жағдайдың қалыптасуымен қамтамасыз етіледі, сол себепті, неғұрлым ауқымды міндеттер қоюға мүмкіндік береді.

1. «ҚАЗАҚСТАН - 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы». Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы (Астана қ. 1997 ж. 10 қазан)// Егеменді Қазақстан 12 қазан, 1997 ж.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі № 310 «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы (2009 жылғы 19 мамырға дейінгі өзгерістер және толықтырулармен) // «Егемен Қазақстан» 2007 жыл 11 сәуір № 90 (24667).

3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 14 қарашадағы № 216 «Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу Тұжырымдамасы туралы» Жарлығы // Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 44, 478-құжат.

4. «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егеменді Қазақстан 30 қаңтар 2010 жыл.

5. «Айқын» республикалық қоғамдық-саяси газеті 29 қаңтар, 2011 ж, 17 (1684)

6. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221-III «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Хабаршысы, 2007 ж., № 2 (2483), 17-құжат.

7. Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы № 107-II «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңы (2010 жылғы 19 наурызға дейінгі енгізілген өзгерістер) // «Егеменді Қазақстан» 2000 жыл 1 желтоқсан № 302-303.

8. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі № 267-I «Сыбайлас жемқорлықпен күресу туралы» Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Хабаршысы, 1998 ж., № 15, 209- құжат; 1999ж., № 21, 774- құжат; 2000 ж., № 5, 116- құжат.

9. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2009 жылғы 25 қыркүйектегі № 128 «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік ережелерін, Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың қызметінде жасалатын үлгілік құжаттардың тізбесін сақтау мерзімдерін көрсете отырып бекіту туралы» Бұйрығы // "Заң газеті" 2009 жыл 19 қараша № 177 (1600).

10. http://www.pravstat.kz/rus/index.php?option=com_content&task=blogcategory&id=10&Itemid=119

11. Қазақстан Республикасы прокуратура органдары мен мекемелерінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 2007 жылғы 7 қыркүйектегі № 37 бұйрығы (2010.01.11. берілген өзгерістер және толықтыруларымен) // «Заң газеті» 2007 жылғы 27 шілде № 114 (1143)

12. Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 3 маусымдағы № 3009 Жарлығы // Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 26, 212-құжат.

13. Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 қыркүйектегі № 947 Жарлығымен бекітілген «Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл қызметін белгілеу туралы» Ереже // Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 30, 328-құжат

14. Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 29 қарашадағы №1474 «Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Жарлығы. // Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 47, 585-құжат

15. // Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің ақпарат бюллетені, 2006 ж., № 2(7) шығарылым.

16. // Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің ақпарат бюллетені, 2008 ж., № 2(7) шығарылым.

17. // Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің ақпарат бюллетені, 2009 ж., № 2(7) шығарылым.

18. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: Бұл конституцияға алғыс айтуға тиіспіз // «Егеменді Қазақстан» 1 қыркүйек 2005 жыл.

19. Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 22 сәуірдегі № 3470 «Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Адам құқығы жөніндегі комиссия туралы» Жарлығы // Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., № 16, 128-құжат.

20. Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 19 наурыздағы № 1042 «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия туралы» Жарлығы // Егеменді Қазақстан, 2002 жылғы 12 қаңтар N 64-65 (23275)

21. http://www.enbek.gov.kz/statistic/stat_rusdetail.php?recordID=276&mintrud=1#content

22. Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 1546 “Жергілікті атқарушы органдар басшыларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы” Жарлығы // Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 14, 154-құжат

The scientific research is devoted to the analysis of theoretical problems of realization of constitutional rights of citizens on turning methods of realizing of these rights. Administrative and law procedures are considered as separate law institution.

В представленной статье дается анализ норм законодательства Республики Казахстан о порядке рассмотрения обращений на основе статистических показателей и наблюдений проводимых по отдельным государственным органам и в целом по республике. Содержатся выводы и предложения, направленные на совершенствование норм трудового законодательства и деятельности государственных органов, правозащитных неправительственных организаций и других юридических лиц.